

«ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ»

БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

13.08.2024

Жекеғазған каласы

№ 897 -у

город Жезказган

Ұлытау облысының
білім беру үйымдарының
окушыларының ыстық тамактап
қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Занына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздагы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік комектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қагидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы № 598 «Мемлекеттік орта білім беру үйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында білім алушыларды тамактандыруды үйимдастыру, сондай –ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата - анасының қамкорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамактандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қагидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздығы № КР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қагидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Ұлытау облысының білім басқармасының білім бөлімдеріне:

1) 1-4 сынып білім алушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шенберінде тамактанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамактап қамтамасыз ету бойынша жұмыс үйимдастырылсын.

2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай –ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.

3) Қалалық және ауылдық жерде орналасқан білім беру үйымдарының асханаларында ата – аналар төлемі есебінен тамактанатын білім алушылардың колма – кол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар үйимдастырылсын.

001750

4) Мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия қызметіне жүйелі жұмыс жүргізу үшін білім беру мемлекеттік мекемелері жаңында жұмыс істейтін тاماқтану сапасына бақылау жасау жөніндегі қалалық/аудандық ведомствоаралық сараптамалық тобы құрылсын.

5) Ведомствоаралық сараптамалық тобының қорытынды мониторингісі білім бөлімінің кеңесінде жартыжылдықта бір реттен кем емес қарастырылсын.

2. Білім беру ұйымдары тамактану спасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет – ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етілсін.

3. Осы бүйректың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Ұлытау облысының білім
басқармасы» ММ басшысының м.а.

М. Туребеков



Орындаған Айқанова С.Д.